

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ  
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ, АРХИВТЕР ЖӘНЕ ҚҰЖАТТАМА БАСҚАРМАСЫ  
ҚР БФМ ФК А.Х. МАРҒҰЛАН АТЫНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ  
АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІ

АКИМАТ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ  
УПРАВЛЕНИЕ КУЛЬТУРЫ, АРХИВОВ И ДОКУМЕНТАЦИИ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ  
ИНСТИТУТ АРХЕОЛОГИИ им. А.Х. МАРГУЛАНА КН МОН РК  
АКТЮБИНСКИЙ ОБЛАСТНОЙ ИСТОРИКО-КРАЕВЕДЧЕСКИЙ МУЗЕЙ

## **«ҚАДЫРБАЕВ ОҚУЛАРЫ - 2020»**

### **VI ХАЛЬПАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ**

(2020 жылғы 27-28 қараша)

### **МАТЕРИАЛЫ**

### **VI МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНОЙ КОНФЕРЕНЦИИ**

### **«ҚАДЫРБАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ – 2020»**

(27-28 ноября 2020 года)

Актобе 2020

## **МУЗЕЙ ІСІ СТАТИСТИКАСЫ: САРАПТАМАЛЫҚ ТАЛДАУ (АҚТӨБЕ ӨҢІРІНІҢ МУЗЕЙЛЕРИ БОЙЫНША)**

Б. И. Қалнияз

Музейлік статистика – музейлердің дәстүрлі жұмыс бағытындағы музей бірлігін, музейге келушілер, музейдің ақпараттық технологиясын, музейлік жобалардың іске асуын, музеологиялық басылымдардың айналымға енуін, музей коммуникациясында қоғаммен байланысын есепке алып, тіркеп, сараптау жасап отыратын саласы. Музейлік статистика жүргізу, оны жүйелеп, жариялау музейдің ғылыми-көпшілік жұмыстарының бір бағыты болып та саналады.

Қазақстан Республикасында жалпы музейлер саны 250 бірлікті құрайды. Ақтөбе облысында бұл көрсеткіш музейлер саны жағынан еліміз бойынша алдыңғы қатарлы бестікке енін отыр. Олардың қатарында музейлер саны басым көрінген облыстар: Алматы облысы – 29, Түркістан облысында – 27 және Қарағанды облысында музейлер саны – 22 бірлік. Көрсеткіште 4 орын Ақтөбе облысында – 19, және музейлері 17 бірлікті құрайтын – Атырау, Жамбыл, Шығыс Қазақстан облыстары тізімді жалғастырады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Ақтөбе облысы статистика департаментінің мәліметіне сүйенсек, 2019 жылы Ақтөбе облысы бойынша музейлер саны 19 бірлікті құрады және 2018 жылмен салыстырғанда «Руханият» облыстық музейінің жабылуына байланысты 1 бірлікке азайды. Дегенмен бұлтырығы жылдың басынан бері облыстық тарихи-өлкетану музейінің құрамына өткен Руханият музейінің орнына жаңадан «Руханият» көрме-залы жасақталып, өз келушілеріне есігін қайта ашты.

2019 жылы облыс музейлерінде жалпы саны 6987 экскурсия, 1261 дәріс, 780 көрме және 501 бірлікті құрайтын басқа да іс-шаралар түрі өткізілген. Бұл көрсеткіштер музейлер тарапынан халықтың мәдени-ағарту ісіне қосып жатқан үлесінің айтарлықтай ерекше екенін аңғартады. Сонымен қатар музейге келушілердің жалпы саны жылға шаққанда 292 мың адамды, оның ішінде балалар – 149,9 мың адамды немесе 51,3% құрады. Өз кезегінде өңірдегі өзге де мәдени мекемелер мен ұйымдардың жылға шаққандағы адам санынан музей келушілері мен тындармандары басымдау түсіп отыр. Салыстырмалы түрде өткен жылғы көрсеткіште театрға келетін көрермендер саны – 237 мыңды құраса, кітапханаға мойын бұратындар саны – 265 мың бірлікті құрайды, ал, музейлер бойынша жылдық көрсеткіш 292 мың адамды қамтыды.

Жалпы өңірдегі 19 музей қатарында облыс орталығы – Ақтөбе қаласы бойынша – 5 музей, оның ішінде облыстық деңгейде – 3 музей тіркелген. Сондай-ақ қала бойынша статистикалық мәліметте облыстық тарихи-өлкетану музейінің Алға, Қобда аудандық бөлімдері де коса берілген. Одан бөлек аудандық деңгейде – 12 музей, кешен, ауылдық деңгейде – 2 музей тіркелген. 12 ауданның 11-і бойынша аудандық музейлер Әйтеке би, Байғанин, Қарғалы,

Қобда, Мәртөк, Мұғалжар, Ойыл, Темір, Хромтау, Шалқар, Ырғыз аудандарының орталықтарында орналасқан.

Музейлердің басым көпшілігі тарихи-өлкетану бағытында қызмет етеді. Одан бөлек кешендік, мемориалдық және өнертану бағытындағы музейлер бар. Мемориалдық музейлер қатарында Ақтөбе қаласындағы Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлова музейі, Мұғалжар ауданы Ембі қаласындағы Ағайынды Жұбановтар музейі және Әйтеке би аудандық Толыбай ауылындағы Әбілқайыр хан музейі мен Қобда ауданы Жиренқопа ауылындағы Қобыланды мемориалдық кешен-музейі бар.

Келушілер көрсеткіші жоғары музейлер қатарында халық көп шоғырланған облыс орталығындағы облыстық тарихи-өлкетану музейі мен облыстық өнер музейін атап өтуге болады.

Ақтөбе облысында музейлерге көніл бөлініп, санының арта түсүі 2000 жылдардың орта түсінде басталды. Нактырақ Ақтөбе өнірі бойынша 2000 жылдардың басында бар-жоғы үш-бес музей қызмет еткен болса, бұл көрсеткіш мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы іске қосылған 2003-2004 жылға дейін өзгеріссіз тұрған болатын. 2004 жылдан бастап өнірде 8 музей ашылып, қызметіне кірісті. Содан кейінгі жылдары музейлер саны жылына бір-екі музейге артып отырды.

Ендігі міндет бүгінгі заманауи талаптарға сәйкес музейлер желісі мен бірлігін сақтай отырып олардың сапалық көрсеткіштеріне де мән беру қажет. Осы орайда статистиканы сейлесек: облыс музейлерінің негізгі қордағы жәдігерлерінің жалпы саны өткен есепті жыл аяғына 93,8 мың бірлікті құрады, одан жыл ішінде 34,8 мың бірлік немесе 37,1% көрмелерге қойылып көпшілікке көрсетілді. Оның ішінде негізгі қордағы электронды форматтағы жәдігерлер саны 24,6 мың бірлікті құрады. Жалпы музей қорына мәдени құндылықтарды көптеп жинау, оны зерттеу және цифрандыру жұмыстары күн тәртібінен түспейтін музей ісіндегі басым бағыттардың бірі екендігін тілге тиек етеміз.

Корыта келгенде музейлердің өз коллекцияларын сақтау, зерттеу және жүртшылыққа насиҳаттауымен қатар оның мәдени-ағарту, ғылыми-зерттеу функцияларын атқаратын кешенді институт ретіндегі жұмыстарын одан әрі қарай жетілдіріп, жүйелі түрде жүргізуін назардан тыс қалдырмаған жөн деп есептейміз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер:**

1. <https://stat.gov.kz/> Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Ақтөбе облысы Статистика департаменті (Қаралған күні: 25.10.2020).
2. Музейная статистика \ <http://vocabularies.unesco.org/browser/thesaurus/fr/page/concept7182?clang=ru> (Қаралған күні: 25.10.2020).

# ЗАМАНАУИ МУЗЕЙЛІК ПЕДАГОГИКАНЫ ҚҰРУДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

А.С. Муканова

Музей – арнайы жабдықталған, қоғамдық қажеттіліктерді өтеуге арналған, тарихи-ғылыми дерек ретінде жәдігерлерді сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін, әлеуметтік ақпарат құжаттарын жинайтын, эстетикалық құндылықтары бар мекеме (В.Воронович, 2007, с.43).

Бүгінгі таңда музейдің мәдени-біліми қызыметіне қатысты ғылыми айналымға енгізілген еңбектерді сұрыптай келе, оларды бірнеше топқа бөлуге болады. Біріншісі, музей ісі құрамды бөлігі болып табылатын мәдени құрылыштың жалпы мәселелеріне арналған еңбектер; екіншісі, музей ісінің теориясы мен әдіснамасына арналған музейтанулық еңбектер, үшіншісі; музей тарихын зерттеу мәселесіне арналған еңбектер (Қазақстан музейлері №8, 2006, с.58).

Қазақстан музей ісінің қалыптасуы мен дамуы жайында құнды мәліметтер қалдырған М.Е.Массон, А.С.Махонин, Л.Ф.Семенов, А.А.Адриянов, А.М.Жиреншин еңбектері, республикадағы мәдени құрылыш және мемлекеттік саясат мәселелері төңірегінде жарыққа шыққан Н.Жангельдин, А.Ж.Жекібаев, К.Канапин, Р.Б.Сүлейменов, Х.И.Бисенов, Е.С. Исмаилов, Г.С.Сапарғалиев туындылары, тәуелсіздік алғаннан кейін мәдениет тарихын жаңа методологиялық ұстанымдар негізінде қарастырған А.Т.Капаева, С.З.Баймағамбетов т.б. ғалымдардың еңбектері зерттеу жұмысын жазуға арқау болды. Музей ісінің теориялық-методологиялық негізін және тарихын зерделеуде В.К. Гарданов, А.Б. Закс, Д.А. Равикович, А.М. Разгон, В.Н. Игнатьева, О.В. Ионова, Н.С. Зузыкина еңбектерінің маңызы зор.

Біз ғасырлар тоғысында, түрлі үлгідегі қоғамдар қалыптасқан, осыған орай адамдардың ой-өрісі сан өзгерістерге бейімделген кезеңде өмір сүрудеміз. Адам баласының жасампаздығында шек жоқ екендігін елімізде, әлемде болып жатқан саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени өзгерістердің қарқыны дәлелдеп отыр. Адамзат тарихының күре тамыры мәдениет болса, мәдениеттің күре тамыры – адам баласының ақыл-ойы мен қымыл-қарекеті дүниеге әкелген ғажайып рухани және материалдық құндылықтар. Қай халықтың болсын өзге ешбір ұлтқа ұқсамайтын бөлек болмыс-бітімін даралап, өзгеше тағдыр-талайын айқындайтын жәдігерлер. Олардың ұлт рухының тірегі, халықтық қасиеттер саналатыны да сондықтан. Ұлттық сана мен ұлтжандылықты Қазақстан халқының бойына дарыту үшін Ұлы дала тарихын ұрпақ санасында тірілту керек. Осыған орай, ғылыми, ағартушылық-біліми, мәдени мекеме ретінде музейлердің ролі өте зор.

Кезінде Кеңес үкіметі өз идеологиясын халыққа насихаттау үшін мектептен тыс мекемелерге, соның ішінде музейлерге ерекше көңіл бөлген. Мұндай тәжірибе нәтижесіз қалған жоқ, тіпті өзінің айтарлықтай жемісін де берді. Музейлер өз экспозицияларында кеңестік қоғамның жетістіктерін насихаттаушы «саяси-ағарту комбинатына» айналып, халық музейге

экспурсияға келетін. Ендеше бүгінгі таңда музейлерді неге ұлттық сананы қалыптастыру мақсатында рухани мәдениетімізді жаңғырту орталығына айналдырмасқа. Ұлттық тарихымыз бен қайталаңбас керемет мәдени туындыларымыз шоғырланған мәдени ошақ арқылы жастарымызды отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа тәрбиелемеске.

Музей – ел тарихы, ұлттың көне менталитеті, дүние жүзі мәдениетінің қайнар көзі тоғысатын жер. Себебі, музей қойылымдарына орналасқан әрбір мұраның астарында сол жеке мұра тарихы ғана емес, осыған байланысты болатын кез келген халықтың жүрін өткен ізі, тарихы жатыр. Демек, аталмыш тақырып қай тұсынан алып қарасақ та бүгінгі күн талабына сай зерттеуді қажет ететін өзекті, көкейтесті мәселе болып табылады. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы музейлер, XX ғасырдың 70-ші жылдарынан байлай қарайғы музейлер тарихы, қайта құру жылдарындағы музейлердің жай-қүйі, тәуелсіздік алғаннан кейінгі музейлер өміріндегі өзгерістер ғылыми зерттеуді қажет етеді.

Музей ғылыми-зерттеу, мәдениет-білім мекемесі, ұлттың ұлттылығын айғақтайтын ерекше мәнді мемлекеттік атрибуттардың бірі. Музей саласында жинақталған әлемдік тәжірибелі тарихи-әлеуметтік логикасы өзін қастерлей білетін, ұлттық рухын іс жүзінде қадір тұтатын өсем деген елдердің музейлерінде ғана қоғамдық сұраныс толық қамтамасыз етіліп, өзіндіксипат ала бастады. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың: «Егемен еліміздің мәдени өмірінде музейлердің орны айрықша. Тарихымызды терең зерттеп, оның тәжірибесінен тағлым алу - Қазақстанда патриотизмді қалыптастырудың, Отанның лайықты азаматтарын тәрбиелеудің басты шарттарының бірі...» - деген сөздері музей қызметінің басты ұстанымы болуға тиіс.

Әр ел мен ұлыстың, оны мекендейген халықтардың тарихын, этникалық мәдени ерекшеліктерін ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп, сақтап, насихаттап отыратын мекеме – музей. Қоғамның дамуымен қатар ғылымның әрбір саласында өзгерістер болуы заңдылық. Қазақстанның тәуелсіздік жағдайында дамуы ұлттық тарихы, ұлттық мәдени мұраларды жинақтаудың, сақтаудың және насихаттаудың маңыздылығын көлтіріп отыр.

Жүртшылық музейлерді ғылыми-зерттеу мекеме ретінде ерекше бағалайды. Жаһандану мен техникалық өрлеу дәүірінде музейлер әрбір ұлттың төл тарихын, халықтың шығу тегі мен ұлттық ерекшелігі, мәдениеті жайында бірден-бір ақпараттық кор қызметін де атқарады.

Сондықтан музейлер қызметін заман талабына сай ұйымдастыру, жүртшылықтың рухани-интеллектуалдық сұранысына сай қызмет түрлерін ұсыну, музей қызметкерлерінің кәсіби шеберлігін арттыру – бүгінгі музей ісінің өзекті мәселелері.

Музей ісі – қоғамдық іс-әрекеттің ғылым, білім беру, тәрбие, мәдениетке қатысы бар ерекше саласы болып табылады. Сондықтан музейлер жұмысы тек қана көне жәдігерлерді сақтап, жинақтаушы мекеме деп есептеу қате түсінік. Қазақстанның музейлер ісін дамыту мен жандандыру мақсатында музей қызметкерлері тарапынан көптеген шаралар жүзеге асырылып келеді.

Бұрынғыдан алдын-ала дайындалған экскурсиялық мәтінмен бір сарынды баяндап берудің заманы өтті. Қазіргі музейге келушілердің интеллектуалдық, этикалық, психологиялық-әлеуметтік, тіпті мәдени, этно-мәдени талғамына сай қызмет түрлерімен қоса инновациялық технологияларды қатар пайдалану – қазіргі заманың талабы болуда. Тарихи-өлкетану музейлері халықты тарих арқылы тәрбиелеу, жастарды өткен заман мен қазіргі кезеңнің мәдени-рухани құндылықтарынан нәр алуға бағыттайтын мақсатты шарапарды атқарушы болып келеді.

«Музейлік педагогика» термині XIX-XX ғғ Германияда пайда болған. Сол кезден бастап музей біліми-мәдени функциялар атқаратын мекемесіне айнала бастады. Айта кету керек, ең маңызды акценттердің бірі сол білім беру қызметін ұйымдастырушыға жүктеледі. Осыған байланысты, біліми-мәдени қызметті одан әрі дамыту үшін музейдің әлеуметтік-мәдени функцияларын күшету қажет. Сонымен бірге, музейлік педагогикадағы басты 5 мәселеге тоқтала кетсек:

1. Музейлік педагогиканы дамытудағы білім саласының кеңеюі;
2. Шығармашылық тұлғаның үйлесімділікпен дамуы;
3. Ұлттық идеологияның қалыптасуы;
4. Отансу йгіштікке тәрбиелеп, ұлттық салт-дәстүрдің сақталуын насиҳаттау;
5. Жаңа музейлік аудиторияны қалыптастыру, музейге деген әсердің кеңістігін кеңейту.

Қазіргі кезеңде Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейіндегі модернизациялау жұмыстары бірнеше бағыттар арқылы жүзеге асырылада.

Бұл біріншіден, музей ісінің өзін бүгінгі күн талабына сай ұйымдастыру;

- екіншіден, музей қорындағы экспонаттарда әрбір тарихи даталарға белгілі бір экспонаттың қырын ашу;
- үшіншіден, экспозицияларды дайындау жолындағы ізденістер;
- төртіншіден, экспкурсоводттың қызметін жаңашаландыру, түрлендіру жолдары;
- бесіншіден, техникалық жетістіктердің музей ісінде тиімді пайдаланылуы, осы арқылы жастарды музейге тарту;
- алтыншыдан, музейлердің тәрбиелік мақсаттарына сай музейлік педагогиканы дамыту;
- жетіншіден, музейлік бизнес, маркетинг және менеджмент мәселелеріне назар аударып, музей ісінде аталған жаңалықтарды енгізуге мүмкіндіктер беру (Музей сабактарының жинағы, Астана, 2011, с 121-122).

Қазіргі отандық музейлер алдында шешімін таба алмай отырған мәселелер де бар. Тіпті музей қызметкерлері, музей ісі, құрылымымен анықтайтын Қазақстандық нормативтік құжаттың болмауының өзі басты проблема болып отыр. Әлемдік музей ісі тәжірибесімен қатар, қазақстандық жағдайларға, ерекшеліктерге, халық менталитетіне негізделген құжаттар қабылдауы қажет. Сондықтан музейлердегі өзекті мәселелерді бірлесе шешу

жолында дөңгелек үстелдер, семинарлар, осындай конференциялар өткізін тұру – музей ісінің алға басуына, модернизация процесіне, сапалық даму жолына ықпал ететіндігін дәлелдейді. Музейлердің жоспарлы жұмыстарындағы ғылыми-ағарту жұмыстарының музейлік педагогика сатысында өтіп жататындығы атап өтілді. Сонымен қатар Қазақстандық музейтану, музеология саласында әдебиеттер шығару немесе музей ісі жоғары дамыған Германия, Ресей, т.б, елдердің музейлік әдебиеттерін қазақ тіліне аударса музей қызметкерлерінің жаңашылдық қызметтеріне қозғау болар еді (К.Раймханова, Д.Катран, 2002, с 32-36).

Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің алдағы уақытта дәстүрлі музей қызметін және оны жаңашылдандыру жолдарындағы қолға алар жаналықтарының бірі түрлі инновациялық технологиялардың пайда болуы. Музей осы күнге дейін адамды мәдени ортаға баулудың құралына айналып, компьютерлік технологияларға, яғни виртуалды әлемге қарсы тұратын кеңістік ретінде танылышты келді. Қазіргі таңда музей жана қарқынды даму жолына тұсті. Музей ісі жаңа компьютерлік технологиялармен бірге дамуда. Мультимедиялық презентациялар, сенсорлық моноблоктар, «Музейолог» бағдарламасы, т.б. осыған дәлел. Мысалы, әр экспозициялық зал LED телевизорлармен жабдықталған. Экспозицияны ашатын видеоматериалдар қосымша құрал ретінде халыққа ұсынышты отыр. Фойелерде орналастырылған сенсорлық моноблоктар музей әлеміне виртуалды енуге, музей қорындағы зергерлік және этнографиялық бұйымдар коллекциясын және т.б. тамашалауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, музейлік педагогиканы дамытуда облыстық музейдің экскурсиялық-көпшілік бөлімінің өзіндік үлесі бар, бөлімнің әрбір даталы күндеріне, мемлекеттік мереке күндеріне арналған кешенді іс-шаралары ұйымдастырылып, көптеген мектеп оқушылары мен студенттерін қамтиды. Атап айтсақ, музейлік жобалар, жылжымалы көрмелер, тақырыптық экскурсиялар, қаланың көрікті және тарихи жерлеріне экскурсиялар, Наурыз, Жаңа жыл мерекелеріне арналған театрландырылған шаралар болып табылады.

Жалпы музейдің кәсіби мамандарын дайындау, қызметкерлердің білімін жетілдіру, алдыңғы қатарлы музейлерден ғылыми-әдістемелік тәжірибе алмасу, ұлттық музейлер болашағына арналған курстар, семинар, осындай конференциялар өткізіліп тұрса, музей ісінің дами түсүі сөзсіз. Өйткені тәуелсіз мемлекеттікке келіп жатқан шетелдік қонақтар өлкे тарихын көбінесе музей арқылы таниды. Сондықтан музей қызметі аса жоғары деңгейді талап етеді. Әсіреле, заман талабына сай музей бизнесін жандандыратын, менеджмент ісін дұрыс жолға қою тәжірибесін басқару, музейдің нарықтық стратегиясын белгілеу үлкен роль атқарады (С.Кукеева, 2008, с 79). Қоғаммен байланыс жасау, яғни сауалнамалар, кері байланыс парақтары, әңгімелесу, ақпарат қуралдары арқылы байланысу да музейге көп көмек береді. Себебі бұл жұмыстарға негізінде талдау жасалып, ұсыныстар қабылданады.

XXI ғасырдың ақпараттық ағымына сай әрбір музейдің және бүкіл қазақстандық музейлердегі коллекциялар тізімдемесін құру арқылы, интернет жүйесіне шығып, ұлттық тарихи, мәдени, көркемдік құндылықтарды

халықаралық музей кеңістігіне көтеру әрекеттерді де кейінгі жаңашаландыру әрекеттерінің бірі болып отыр.

Өзге мемлекеттердегі және өзіміздің әріптестеріміздің жұмыс тәжірибесіне сүйене отырып айтارымыз – бүгінгі күні музейде мәдени орталық пен музейлік бизнес жұмысын тоғыстыра білу керек. Мәдени орталық ретінде музейдің дәстүрлі жұмысымен қатар мәдени демалыс ұйымдастыру мен жастарды тәрбиелеу, тінті оку процесіне қосылу бағытындағы жұмыстарды пайдалану керек деп түсінімін. Қазіргі кезде қазақстандық оку орындарында оқытылып жүрген этнопедагогика сабактарын музейлік педагогикаға үштастыра жастарға мәндірек бола түсер еді.

Музей қызметкерлерінің музей ісін жандандыру және музейге келушілердің санын арттыру үшін жүргізе бастаған істерінің бірі, әлеуметтік, жас ерекшелітеріне сай интерактивті жұмыс тәсілдерін дамыту болып отыр. Музей жұмысын дамыту барысында біріншіден, музей ісін түбебейлі қайта құру; екіншіден, музей қорларындағы жәдігерлерді сұрыптай отырып, мәселелік-хронологиялық тұжырымдарға негізделген жаңа экспозициялар құру; үшіншіден, жәдігерлерді жан-жақты зерттеу арқылы ақпараттық маңыздылығын арттыру; төртіншіден, экскурсоводтың қызметін жаңашаландыру, түрлендіру жолдарын қарастыру; бесіншіден, техникалық құрал-жабдықтарды, ақпараттық кеңістікті музей ісінде тиімді пайдалану арқылы көрермендерді музейге тарту; алтыншыдан, музейлердің тәрбиелік мақсаттарына сай музейлік педагогиканы дамыту; жетіншіден, музейлік бизнес, маркетинг және менеджмент мәселелеріне назар аударып, музей ісінде аталған жаңалықтарды енгізуге мүмкіндіктер беру тұстарына ерекше көніл бөлінуі тиіс (Y.Мұналбаева, 2013, с 9-18).

Қазіргі таңда облыстық музей қызметінің әлеуметтік-мәдени маңызы арта түсіде, музейдің мәдени мұраларды сақтау әрі оларды көпшілікке насиҳаттаудағы, әлеуметтік бейімделу мен мәдени біртектілендіру үрдісіндегі, білім алу, бос уақытты ұйымдастырудады рөлі жоғарылап келеді.

Мәдениетті дамыту – мемлекеттің қалыптасуына қолайлы жағдай туғызудың толассыз жолы. Осы орайда болашаққа сарабдал көзben қарап, сан ғасырлық мәдени мұраларымыз бер қазыналарымызды сақтап қана қоймай, қазақстан халқын рухани, саяси-мәдени жағынан байытып, мәдени өмір салтын қалыптастыру бағытын жетілдіруіміз қажет.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер:**

1. Воронович В.М. Управление учебно-воспитательным процессом средствами музейной педагогики/В.М.Воронович №12. – 2007. 436
2. Қазақстан музейлері №8, 2006 ж, 58 б.
3. Музей сабактарының жинағы. Астана. 2011 ж, 121-122 бб.
4. Раимханова К., Катран Д. Музей ісінің теориясы мен практикасы, Алматы, 2002 ж, 32-36 бб.
5. С.Кукеева. Музей және менеджмент. Алматы, 2008 ж, 79 б.
6. Y.Мұналбаева. Музей педагогикасы. Тарихы, теориясы, тәжірибесі. Алматы, 2013 ж, 9-18 бб.